



**Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігінің  
Дін істері комитеті**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАЛАРЫНЫҢ  
ЕҢ ҮЗДІК ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ ЖИНАҒЫ**

**АСТАНА – 2015 ж.**

**ӘОЖ 28**  
**КБЖ 86.38**  
**Қ 18**

**Жауапты редакторлар:**

**Ғ.Н. Шойкин**, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитетінің төрағасы, с.ғ.к.,

**Е.Б. Мұратбеков**, Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының директоры, з.ғ.к.

**Қ 18 Қазақстан Республикасы Дін істері басқармаларының ең үздік жұмыс тәжірибелерінен. Жинақ.** /Құраст.: К.Т. Калилаханова, Б.Р. Шериязданов. – Астана: Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы, 2015. – 38 бет.

**ISBN 978-601-80503-5-0**

Басылымда ең үздік тәжірибе ретінде Астана қ., Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс және Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарының Дін істері басқармаларының және ҰЕҰ-дың дін саласында мемлекеттік саясаттың жүзеге асырып жатқан нәтижелі жұмыстарының тәжірибесін қамтып көрсететін материалдар берілген.

Жинақ дін саласындағы зайырлы мемлекеттің саясатымен және дінмен қызығушы оқырмандардың кең аудиториясына арналған.

**ӘОЖ 28**  
**КБЖ 86.38**

**ISBN 978-601-80503-5-0**

© Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы, 2015

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	4
1. Астана қаласы Дін істері басқармасының жұмыс тәжірибесінен.....	6-7
2. Ақмола облысы Дін істері басқармасының жұмыс тәжірибесінен.....	8-11
3. Ақтөбе облысы Дін істері басқармасының жұмыс тәжірибесінен.....	12-15
4. Атырау облысы Дін істері басқармасының жұмыс тәжірибесінен.....	16-17
5. Батыс Қазақстан облысы Дін істері басқармасының жұмыс тәжірибесінен.....	18-19
6. Қарағанды облысындағы «Нұрлы білім» қоғамдық бірлестігінің жұмыс тәжірибесінен.....	20-24
7. Қостанай облысы Дін істері басқармасының жұмыс тәжірибесінен.....	25-27
8. Павлодар облысы Дін істері жөніндегі басқарманың «Талдау және конфессияаралық қатынастарды дамыту орталығының» жұмыс тәжірибесінен.....	28-33
9. Шығыс Қазақстан облысы Дін істері басқармасының жұмыс тәжірибесінен.....	34 -38

## КІРІСПЕ

Конфессияаралық қатынас Қазақстан Республикасы саясатының басты негізі.

Дін қоғамның рухани өмірінің негізі болып келді және бола береді де. Сондықтан дін қазіргі таңда әлемге айтарлықтай ықпал етуде.

Ислам, христиан және басқа да конфессиялар елімізде қоныстанған тұрғылықты халықтың мәдени, дәстүрлі және рухани өмірін қалыптастыруда маңызды рөлге ие.

Қазіргі күндегі заманауи қазақстандық мемлекет әу-бастан көпконфессиялық мемлекет ретінде қалыптасқандықтан, елімізде дәйекті конфессияаралық қарым-қатынас тәжірибесі жинақталған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050 Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырдағы Қазақстандағы дін рөліне баса назар аударған.

Сонымен қатар Елбасы Қазақстан - зайырлы мемлекет, біздің діни саламыздағы саясатымыз толеранттылықты нығайтуға бағытталғандығын ерекше атап өтуде.

Жоғарыда аталған Елбасының мән берген басымдықтары дін саласындағы мемлекет саясатының негізгі діңгегі ретінде пайда болып, осының нәтижесінде мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастарды реттеуші заңнамалық және нормативтік база қалыптасты.

Дін саласындағы сарабдал мемлекет саясатын жергілікті деңгейде Дін істері басқармалары (*әрі қарай – Басқарма*) жүзеге асырады.

Басқармалар тарапынан жинақталған тәжірибе жүйелілік пен бірізділікті қажет етеді. Осыған байланысты дін саласындағы мемлекеттік құзырлы орган Басқармалар есебіне мониторинг жүргізу нәтижесінде ең үздік тәжірибені жинақтап және жүйелей отырып, арнайы дәстүрлі жинақ ретінде жарыққа шығарады.

Осы дәстүрге сәйкес аталмыш жинақта ең үздік тәжірибе ретінде Астана қаласы, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарының Басқармалары мен коммуналдық мемлекеттік мекеме нысанындағы «Дін мәселелерін зерттеу орталықтары» қызметтері қамтылған.

Аталмыш жинақта Астана қаласында ақпараттық-насихат тобының жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерін атап өтуге болады. Ақпараттық-насихат топтары үш бағытта жұмыс жүргізуде. Аталған жұмыс мемлекеттік дін саласындағы саясат пен заңнамаларын халыққа жеткізу және түсіндіруге, түзету мекемелеріндегі жазасын өтеушілер арасында оңалту жұмыстарын жүргізуге бағытталған.

Ақмола облысы Басқармасының бастамасымен өңірдегі білікті имамдардың жетіспеушілік мәселесін шешуде рөлін атап өтуге болады. Сонымен қатар, Басқарма тарапынан деструктивті діни ағымдардың етегінде жүрген облыс тұрғындарының жанұялары мен әйел

жамағаттарының арасындағы жұмыстарды іске асыруда жаңа әдістерді пайдалануда.

Дін саласындағы үздік тәжірибелер қатарынан Ақтөбе облысы Басқармасы тарапынан орындалған бірқатар іс-шаралар үлкен өзектілікке ие болды. Басқарманың жұмыс ерекшелігі ретінде – діни фанаттар мен радикалды топтардың идеологиясына қарсы күресу мақсатында жүргізілген жұмысты атап айтуға болады.

Өткен жылы үлкен маңызды мәнге ие іс-шаралар Шығыс-Қазақстан облысы Басқармасының тарапынан да атқарылды. Ауқымды шаралар қатарына «Дін мен дәстүр радикализмге қарсы» тақырыбында өткізілген республикалық конференциясы мен Шығыс-Қазақстан облысы Дінтанушыларының І-ші форумын жатқызуға болады.

Шығыс-Қазақстан облысы Басқармасының инновациялық жұмыс түріне осы облыстың «Діни бірлестіктері жетекшілері Клубының» құрылғандығы мен осы бағытқа сәйкес қызметтердің жүзеге асырылуы жатады. Аталмыш тәжірибе республикамыздың басқа да облыстары үшін үлгі бола алады.

Қарағанды облысының «Нұрлы білім» қоғамдық бірлестігі радикалды идеологияның таралуын болдырмау мақсатында интернет кеңістігінде жүйелі түрде жүзеге асырылған ақпараттандыру жұмыстарын атап өту керек.

Батыс-Қазақстан облысы Басқармасы мен облыстық ҚАЖД тарыпан түзету мекемелерінде жазасын өтеуші азаматтар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында ақпараттық-насихат жұмыстары жүргізіліп, олардың отбасы және туған-туысқандарына әлеуметтік тұрғыда көмектер көрсетілгендігін үздік тәжірибеге жатқызу керек.

Қостанай облысы Басқармасының үлгілі қызметі ретінде Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасымен бірлесе атқарған жұмысын атап өтуге болады. Соның ішінде осы екі құзырлы орган жастар үшін пайдалы да маңызды ақпараттарды әлеуметтік желілерде «ВКонтакте», «Facebook», «Twitter» және басқа да арнайы аккаунттарға бірлесе жариялау жұмыстарын үнемі атқаруда.

Павлодар облысы Басқармасының жанынан құрылған аймақтық және республикалық, сонымен қатар халықаралық деңгейде ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастырып, ғылыми-әдістемелік бағытта келелі қызметтерді жүзеге асырған «Талдау және конфессияаралық қатынастарды дамыту орталығы» қызметін ерекше атап өткен жөн.

## **1. АСТАНА ҚАЛАСЫ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН**

Астана қаласының Дін істері басқармасының қызметі қала тұрғындары арасында конфессияаралық келісім мен толеранттылықты нығайтуға, жастар арасындағы діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын алуға, сондай-ақ барлық мақсатты топтар арасында ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізуге бағытталған.

Мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар негіздерін түсіндіру, діни экстремизмнің алдын алу, қалада құқықтық және діни сауаттылықты арттыру мақсатында және Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында ауқымды жұмыстар атқарылды. Аталмыш бағдарламаны нәтижелі түрде жүзеге асыру мақсатында 18 мемлекеттік органды қамтыған Ведомствоаралық жоспар жасалынды. Оның аясында тек 2014 жылы, соның ішінде 150 мың адамды қамтыған 391 іс-шара өткізілді. Ведомствоаралық жоспарға сәйкес, Еңбекпен қамту басқармасымен бірлесе 193 саяжай учаскелерінде тексеру жұмыстары кезінде 109 отбасына әлеуметтік көмек алу, деструктивті діни ағымдардан сақтану құқықтары түсіндірілді. Осы жұмыс нәтижесінде 18 отбасының әлеуметтік тұрғыдан қорғалмағандығы анықталды.

Бүгінгі таңда Астана қаласы әкімдігі жанынан 50 қызметкерден тұратын арнайы 3 топ құрылған. Топтардың құрамын, жұмыс жоспарын және кездесулер кестесін Астана қаласы әкімінің әлеуметтік саланы басқаратын орынбасары бекіткен. Жұмыс үш бағытта жүргізілуде.

1-ші бағыт – Ақпараттық-насихаттық топ (АНТ). Топтың құрамы 24 өкілге дейін көбейтілген, олар: мемлекеттік қызметкер – 3, жетекші ЖОО оқытушы-профессорлық құрамы – 5, дінтанушы – 5, діни бірлестіктер өкілдері (теолог) – 9, психолог – 1, психиатр – 1.

АНТ-тың негізгі қызметтік бағыттары: мемлекеттің дін саласындағы саясаты мен заңнамаларын жеткізу және түсіндіру; ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауларын насихаттау; жаһандану барысында әлемдегі және елдегі діни жағдаймен, дәстүрлі емес және радикалды діни ұйымдардың қызметімен таныстыру; ҚР аумағында тыйым салынған діни ұйымдар туралы ақпараттарды жеткізу.

2-ші бағыт – Теологиялық топ. Бұл топқа 9 теолог кіреді, оның 8 – исламдық, 1 – христиандық бағытта. Аталған топтың негізгі міндеті – деструктивті, радикалды діни идеологияны ұстанушылар мен Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне (бұдан әрі – ҚАЖД) қарасты мекемеде жазасын өтеушілер арасында жұмыс жүргізу.

Басқарма және ҚМДБ өкілдігімен келісілген 2014 жылғы жұмыс жоспары мен теологтардың түзету мекемелеріне бару кестесін ҚАЖД басшысы бекітіп, 2 теологтың әр айдың 2-4-ші бейсенбісінде түзету мекемесіне жүйелі түрде баруы қарастырылған. Осының негізінде 60-тан

астам кездесулер, сонымен қатар, сенушілер контингентімен жеке әңгімелесулер өткізілді.

ҚАЖД өткізілген іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде жазасын өтеушілер арасында оң өзгерістердің болғанын атап өтті. Мысалы, суицид бойынша 2013 жылы 5 факт тіркелсе, 2014 жылы осындай фактілер тіркелмеген.

Қазіргі таңда, ҚАЖД-ға қарасты мекемелерде 2082 сотталғандар жазасын өтеуде, оның ішінде 58 азамат дінге сенушілер (42 ислам, 16 христиан).

3-ші бағыт – Сарапшылар тобы. Топ 17 адамнан тұрады, құрамына дінтанушылар, дәстүрлі дінбасы өкілдері мен әр түрлі мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері кіреді.

Топтың мақсаты – буклеттер, брошюралар, жадынамалар және т.б ақпараттық материалдарды әзірлеу; жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін талдау; АНТ жұмыстарының тиімділігін арттыруға ғылыми тұрғыдан ұсыныстар дайындау және оның пәрменділігін бағалау болып табылады.

Өткен жылдың маңызды іс-шараларына Астана қаласы әкімдігі мен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті арасында 2014-2017 жылдарға арналған толеранттылық пен конфессияаралық келісімді насихаттауға, елорда тұрғындарының арасында діни төзімсіздік пен экстремизмді ескертуге, ақпараттық-ағарту жұмысын әдістемелік, ғылыми-практикалық қолдауға бағытталған ынтымақтастық Меморандумы қабылданғанын атап өткен жөн.

Бұл шаралар қатарынан 2013 жылы Астана қаласы әкімдігі мен Қазақстанның дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлі көрсетілген діни конфессиялар, соның ішінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармалыры мен Орыс Православ шіркеуі арасындағы Меморандумға қол қойылған құжат та аса маңызды орынға ие.

Астана қаласы Басқармасының қатысуымен Мұсылман әйелдеріне арналған республикалық «SalNur» журналының қаржыландырылуы ұйымдастырылды. Аталған журнал тоқсанына бір рет шығарылады, тиражы – 3000 дана.

2014 жылғы қараша айында «AWARD.kz» өткізген интернет-сайттардың байқау нәтижесі бойынша Басқарманың «www.islam.kz» сайты «мемлекеттік тілдегі үздік сайт» номинациясында жоғары орынға (1) ие болды.

Басқарма жанындағы Дін проблемаларын зерттеу орталығы тарапынан атқарылған бірнеше ауқымды шаралар қатарына діни тақырыптарды түсіндіретін видео және аудио материалдармен қатар, деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендердің оқиғалары жарияланып тұратын «www.dinder.kz» және «www.religii.kz» ақпараттық-танымдық сайттарының құрылғандығын жатқызуға болады.

## **2. АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТӘЖІРИБЕСІНЕН**

2014 жылы Дін істері басқармасының (*бұдан әрі – Басқарма*) діни жағдайға мониторинг жасау барысында халықпен бірге діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарының жаңа формасы кең қолданылды.

Мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар негіздерін түсіндіру, діни экстремизмнің алдын алу, облыста халықтың құқықтық және діни сауаттылықты арттыру мақсатында 166 адамды қамтыған 20 ақпараттық-насихат тобы кешенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастырды. Оның ішінде: Басқарма жанындағы облыстық – 1, әкімдіктер жанындағы қалалық және аудандық – 19 топ құрылған.

АНТ мүшелері жүргізген іс-шаралар барлық негізгі мақсатты аудиторияларды, соның ішінде жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын, ТЖКБ және ЖОО студенттерін, мемлекеттік қызметшілерді, діншіл жамағат пен сотталғандарды және т.б. қамтыды.

Мысалы:

– қараша-желтоқсан айларында халықтың көп бөлігі жиналатын жерлерде, соның ішінде базар аумағы, сауда, ойын-сауық орталықтары, авто және теміржол вокзалдары мен ғимараттардан тыс «OPEN AIR» (ашық аспан) форматында діни қатынастар саласында заңнаманы түсіндіру тақырыбында кеңестер мен әңгімелер жүргізілді. Аталмыш шара 103 адамды қамтыды;

«Сана» кеңестік-оңалту орталығы» қоғамдық қоры «Қоғамда жанұя және дәстүрлі құндылықтарды нығайту мақсатында діншіл әйелдер қауымына Ақмола облысында психологиялық, кеңестік және әлеуметтік қызметтер ұйымдастыру» тақырыбында топтамалар ұйымдастырды.

Олар:

– проблемалық мәселелерді анықтау, байланыс орнату жұмыстарын жүргізу және Ақмола облысының әйел жамағатымен өзара іс-қимыл жүргізу;

– әлеуметтендіру және әйелдерді қолдау мақсатында исламдағы дәстүрлі емес ағымды қолдайтын 3 қыз Көкшетау қаласының №1 құрылыс-техникалық колледжіне білім алу үшін орналастырылды;

– әйел жамағатын тасымалдауды көздейтін «Леди Такси» жобасы жүзеге асырылады (көлікті жүргізуші – әйел адам), онда «Бэби ситор» қызметі болады (балаларды тасымалдау үшін);

– Көкшетау қаласының білім бөлімі жанындағы «Еңбекке үйрету оқу кәсіпорны» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында «В» санатында жүргізуші куәлігін алу үшін 3 әйел оқуға орналастырылды;

– Степногорск қаласының сотталғандардың әйелдеріне материалдық көмек көрсетілді, психологиялық және құқықтық кеңес жүзеге асырылды;



– рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, патриотизм қағидаларын нығайту мақсатында олардың балаларымен Конституция күніне және Білім күніне арналған тренингтер сынды шаралар жүргізілді.

2014 жылы Басқарма жанындағы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемелкеттік мекеме мамандары Ақмола облысының қылмыстық атқару жүйесі департаментінің жеке құрамына «Религиозный экстремизм и терроризм как угроза национальной безопасности Казахстана» атты семинар өткізді.

Әлеуметтік тұрақтылықты, конфессияаралық келісімді, құқықтық және діни ағартуды нығайту саласында қоғамдық маңызы бар іс-шаралар өткізілген. Атап айтсақ:

– 2014 жылдың 12 қарашасында, басқарманың жұмыс жоспарына сәйкес, «Зайырлы мемлекет және дін» тақырыбында мемлекеттік тілде студенттік дебат өткізілді. Дебатқа Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің және А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің командалары қатысты. Аталған іс-шара Қазақстандағы зайырлылық және дін мәселелерінде студенттердің білім деңгейін анықтауға септігін тигізді. Дебат соңында команда мүшелеріне ұсыныстар айтылып, сыйға кітаптар таратылды;

– 2014 жылғы 13-14 қарашада Бурабай ауданының «Щучье» шипажайында әлеуметтік мәселелер бойынша аудан әкімдерінің орынбасарларына, ішкі саясат бөлімдерінің басшыларына, АНТ мүшелеріне шетелдік және республикалық сарапшылардың қатысумен БАҚ-та «Діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша алдын алу шараларын жүргізудің әдістері мен формалары» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Аталған шара радикалды діни ағымдарға қарсы іс-қимыл және аймақтық деңгейде ақпараттық-насихаттау жұмыстарының тиімділігін арттыру саласында жауапты тұлғалардың білім деңгейін арттыру мақсатын көздеді. Барлық қатысушыларға әдістемелік материалдар, соның ішінде кітаптар, әдістемелік брошюралар мен дискілер таратылды. Іс-шараға 82 адам қатысып, нәтижесінде барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Сонымен қатар Дін істері басқармасы «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Ақмола облысы бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру институтында «Дінтану негіздері» пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мақсатында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңнамасы», «ҚР деструктивті және тыйым салынған діни ұйымдар» атты тақырыптарында 62 адамды қамтыған дәріс- семинар сабақтарын өткізді.

2014 жылдың қарашасында ДІБ бастамасымен Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде және Гуманитарлық-техникалық академияда дін саласында оқытушылар мен студенттер қатарынан дербес АНТ құрылды. Аталған АНТ қызметі ең алдымен жоғарыда

аталған оқу орындарының студенттері арасында жүйелі ақпараттық түсіндіруге бағытталды. Бұл жұмысқа мемлекеттік органдардың мамандары, оқу орындарының оқытушылары, үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері, дәстүрлі дін өкілдері, сарапшылар және т.б. тартылды.

2014 жылғы қыркүйек айынан бастап Ақмола облысы Басқармасының «www.udr-akm.kz» интернет-ресурсы өз жұмысын бастады.

2015 жылдың 2-3 наурыз аралығында Ақмола облысы Басқармасының өкілі Алматы қаласында орналасқан «Нұр Мүбәрак» египет ислам мәдениеті университетінде іс сапарда болды. Іс-сапардың басты мақсаты Ақмола облысы әкімшілігінің атынан Дін істері басқармасы – бір тараптан, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы атынан ҚМДБ-ның филиалы Ақмола облысы бойынша өкілі, «Науан хазрет» мешітінің бас имамы – екінші тараптан және «Нұр Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университетінің студенттерімен үш жақты Меморандум (жұмыспен қамту туралы) қабылданған болатын.

Осыған орай, бөлім басшысы және бас имам жоғарыда аталған университетте білім алып жатқан Ақмола облысының 35 студентін жинау арқылы, олармен үшжақты Меморандумға келісім жасады. Солардың ішінен 6 студент ағымдағы жылы Ақмола облысының өңіріне келіп қызмет жасауға келісті.

Сонымен қатар, діни экстремизм мен терроризмді алдын алу және жастардың шетелдік діни оқу орындарында білім алуына тосқауыл қою мақсатында Ақмола облысының Дін істері және Мәдениет басқармаларымен «Жан шырылы» атты спектаклі дайындалып, көрсетілуде. Қазіргі таңда театр труппасының халықты кең ауқымды қамту үшін басқа облыстарға шығулары жүзеге асырылуда, сонымен қатар басқа да өңірлерде және Республикалық эфирде (бейненұсқасы) көрсетілуі жоспарлануда.

«Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Орталық) мен Деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталығының жұмысы.

2014 жылы Орталық қызметкерлері Атбасар, Жақсы, Зеренді, Бурабай, Еңбекшілдер, Бұланды, Целиноград аудандары мен Көкшетау, Щучье қалаларында 65 іс-шара өткізді. Соның ішінде: Көкшетау қаласында – 51, селолық округтерде – 3, аудан орталықтарында – 11 кездесулер өткізіліп, 1 687 адамды қамтылды.

Орталықтың ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының пәрменділігін арттыру, сонымен қатар жастарды экстремисттік және террористтік әрекеттерден алдын алу және оларда деструктивті діни ағымдардың әсеріне иммунитет қалыптастыру мақсатында «Осужденные» және «Дорога к истине» атты 2 фильм түсіріліп, халық назарына ұсынылды.

Жастар арасындағы сұранысқа ие «В Контакте» әлеуметтік желісінде Орталықтың парақшасы ашылды. Оның көмегімен (*сурет*

және қысқаша ой) экстремистік ұйымдардың жалған идеологиялары сынға алынып, олардың қызметінің теріс бағыттары түсіндірілуде. Орталық қызметкерлері исламдағы дәстүрлі емес ағымдар өкілдерінің интернет-топтарына кіріп, олардың көзқарастарын және идеологияларын сынға алып, теріс салдарын көрсетеді. Нәтижесінде мұндай іс-әрекет деструктивті ағымдардың интернет кеңістігіндегі кедергісіз жұмысына тосқауыл қойып, жастардың арбалмауына үлес қосуда.

Ағымдағы жыл соңында ұқсас топтар басқа да әлеуметтік желілерінде қатар құрылды – «фейсбук» («Facebook») және «инстаграмм» («Instagram»), ал демотиваторлар, мемомотиваторлар, инфограммалар саны 175-ке дейін ұлғайды. Едәуір қызығушылық тудырушы демотиватор келесі тақырыптарда: патриотизм, Президент дін туралы, дін жөнінде тарихи деректер, радикалды идеяларға қатысты сын және сарказм, қазақ халқының дәстүрі және адамгершілігі туралы жариялануда.

Бүгінгі күні жеке парақта 700 –ден аса адам жиналды, топта – 401 адам қамтылған. Қарсы насихаттау шеңберінде 43 әңгіме жүргізілді.

Деструктивті діни ағымдардың шырмауына ұшыраған азаматтарға арналған бөлімінің жұмысы жалғастырылуда.

2014 жылдың қазан айынан бастап деструктивті ағымдардан зардап шеккен жасөспірімдерді психологиялық қолдау бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Бағдарлама 2014 жылдың қазанынан бастап 2015 жылдың сәуіріне дейінгі аралыққа жоспарланған. Бағдарламаға Көкшетау № 12 ОМ, №14 ОМ, №16 ОМ, №19 ОМ, №21 ОМ қатысып, жалпы саны – 322 оқушыны қамтыды.

### 3. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Ақтөбе облысы Дін істері басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) қызметі шетелдік діни оқу орындарына шығу ниеті бар және шетелдерде діни білім алып жатқан облыс тұрғындарын қайтаруға, дәстүрлі емес діни ағымдардың арбауында жүрген азаматтарды оңалту және психологиялық кеңестер мен көмек көрсетуге бағытталған.

Діни бірлестіктер қызметі негізінде мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қарым-қатынастардың тұрақтылығын сақтауға арналған жұмыстар жүргізілуде. Облыста халықтың діни сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды.

Басқарма қала аумағында имамдарға арналған біліктілікті арттыру семинарларын, АНТ-ның жұмыстарын жүзеге асыра отырып, дәстүрлі діни конфессиялар тарапынан атқарылған іс-шараларды басты назарға алды. Басқарманың мәліметі бойынша, облыста ҚМДБ-ға қарасты 68 мешітте арнайы діни және жоғарғы дәрежелі білімі бар сауатты мамандар қызмет атқаруда. Қазіргі таңда облыс мешіттерінің 95% діни кадрлармен қамтамасыз етілген.

Басқарма діни экстремизм көріністерінің алдын алу, қоғамдағы татулықты, бірлікті нығайту, азаматтардың діни сауатын жетілдіру, мемлекеттің дінге қатысты саясатын халық арасында насихаттау мақсатында төмендегідей іс-шараларды жүзеге асырды:

– 2014 жылдың 11-15 наурыз аралығында Республикалық ақпараттық-насихат тобының мүшесі Ә. Смановтың қатысуымен Ақтөбе қ., Хромтау, Қоба және Алға аудандарында мешіт жамағаттарын қамтыған 10 шара ұйымдастырылды;

– Басқарма жастар арасында, оның ішінде орта мектептердің жоғарғы сыныптарының оқушыларына, техникалық және кәсіптік, жоғарғы оқу орындарының студенттерінен тұратын мақсатты топқа аса назар бөлуде. Осы мақсатта тағаттылыққа тәрбиелеу және жастардың теріс пиғылды діни идеологияны тұрақты қабылдамауын қалыптастыру үшін АНТ қатысуымен 26 іс-шара ұйымдастырылып, «Сақтанайық, секталар», «Дін – ұлттың діңгегі», «Адасқандар», «Құрбандар», «Абайлаңыз, секта!», «Қазақтың діні мен дәстүрі», «Соқыр сенімге арбалғандар» және «Ақиқат пен адасу» тақырыптық бейнефильмдер мен роликтер көрсетілді.

Рухани (діни) білім беру қызметін ұйымдастыру.

Өңірден діни білім алуға талпыныс білдірген жастарды отандық оқу орындарына бағыттау мақсатында 2014 жылдың 20-маусымында Ресей Федерациясы, Татарстан Республикасының Қазан қаласында орналасқан Ресей Ислам университеті (РИУ) мен Ақтөбе облысы «Дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Аңсар» ақпараттық талдау орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «Аңсар» орталығы) арасында қашықтықтан білім беру бойынша екі жақты

келісім-шартқа қол қойылып, аталмыш оқу орны арқылы «теология» және «ислам экономикасы» мамандығы бойынша білім алуға мүмкіншілік жасалды.

Бүгінгі таңда «теология» мамандығы бойынша 29 талапкер оқуға қабылданып (25-грант және 4-ақылы) 2014 жылдың 1 қазанынан бастап РИУ-да қашықтықтан оқу әдісі бойынша, кестеге сәйкес оқуда.

Білім беру ұйымдарында оқып жатқан тұлғаларға білім беру үрдісі барысында радикалды діни ағымдардың теріс пиғылы жөніндегі негізгі білімді қалыптастыру мақсатында және «Дінтану» мамандығы бойынша кадрлардың біліктілігін жетілдіру үшін «Мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау «Өрлеу» орталығында теолог мамандардың қатысуларымен әртүрлі тақырыптарда 20 дәріс өткізілді.

Өткізілген шаралар барысында «Ансар» және «Жарық» қоғамдық бірлестіктер тарапынан дайындалған ақпараттық материалдар таратылды.

Облыс тұрғындарының дінге қатысты сауалдарына нақты жауап қайтару, жастарды жат ағымдардан сақтандыру мақсатында облыстық «nurgasyr.kz», «hram.kz», және аудандық «islam-martok.kz» пен «islam-shalkar.kz» сайттарында ата-ананы құрметтеу, ата-бабамыздың ертеден келе жатқан салт-дәстүрлерін келешек ұрпаққа дәріптеу, насихаттау мақсатындағы т.б. мақалалар жарық көруде.

Басқарманың қызметкерлері аталған сайттарға тұрақты түрде мониторинг жүргізіп, осы сайттарда орналастырылған ақпаратқа кешенді талдау жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар, бүгінгі таңда Басқарманың «www.din.aktobe.gov.kz» ресми сайты ашылып, деректі ақпараттар тұрақты түрде орналастырылуда.

Қылмыстық-түзеу жүйесі мекемесінде АНТ жұмыстарын ұйымдастыру және діни ахуалдың дамуына мониторинг.

Облыс аумағында орналасқан қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түзету орындарында діни экстремизм, лаңкестік және сепаратизм ілімінің таралуына қарсы және оның алдын алу мақсатында бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жергілікті ҚМДБ өкілдері мен телогтардың қатысуларымен тұрақты шаралар ұйымдастырылуда.

Атап айтқанда, 2014 жылы облыстық түзеу мекемелерінде жалпы 115 кездесулер өткізілді. Іс-шаралар барысында ҚАЖД бірлескен кестеге сәйкес жазасын өтеушілермен өзекті дінтану және теология мәселелері бойынша әңгіме, дискуссия нысанындағы мақсатты жеке және топтық кездесулер ұйымдастырылды.

Шара барысында жазасын өтеушілер және айыпталушылармен дәстүрлі дініміздің аясындағы уағыздар айтылып, радикалды көзқарастарды бейтараптандыру мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге, «Ансар» орталығы басшысы А.Сабдиннің қатысуымен ҚАЖ 168/1 түзету мекемесіндегі айыпталушылармен және Мұғалжар ауданының Жем қаласындағы ҚАЖ 168/5 түзету мекемесінде

жеке кездесулер ұйымдастырылды. Жалпы ҚАЖ түзету мекемелерінде дәстүрлі дініміз аясында оңтайлы көзқарастар қалыптастырылды.

Діни білім алу мақсатында шетелге кететін жастардың ата-аналарымен және туысқандарымен немесе шетелдегі теологиялық оқу орындарында білім алушы Қазақстан азаматтарымен жүргізілген түсіндіру жұмыстары.

Жалпы 2014 жылы шет мемлекеттерде діни білім алу мақсатымен теологиялық білім беру оқу орындарында білім алып жатқан облыс тұрғындарының тізімі жасақталды. Осы топтағы азаматтармен және олардың ата-аналары мен туыстары арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ, шетелдегі орын алып жатқан жағдайдың қаупі және елдегі теологиялық оқу орындары мен мемлекет тарапынан аталмыш оқу орындарына білімін жалғастыруға қолдау көрсету туралы ақпарат беріліді. Осындай жұмыс нәтижесінде Египет мемлекетінің Александрия, Каир қалалары және Йемен елінен 9 қазақстандық азамат қайтарылып, 17-азаматтың әрекетіне тосқауыл қойылды. Оның 4-і «Нұр Мүбәрәк» университетінде білімін жалғастыруда.

Деструктивті діни ағымдардан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсету бойынша орталығы мен «Аңсар» орталығының жұмысы.

Облыс көлемінде кейбір салафиттік ағымдардың арасында радикалдық деңгейінің төмендеуі байқалуда. Бұл бағытта «Аңсар» ақпараттық-талдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Аңсар» орталығы тарапынан арнайы белгіленген теологтар тобы діни фанаттар мен радикалды топтардың алдын алу, дәстүрлі емес ағымдардың әрекетін бейтараптандыру және дәстүрлі ислам дініне қайтару мақсатында облыс көлемінде жүргізіліп жатқан шаралар барысы аймақта діни ахуалды тұрақтандыруда өз үлесін қосуда. 2014 жылы аталмыш теологтардың қатысуларымен 400-ден астам жеке кездесулер өткізіліп, 270 діндарлар арасында оңтайлы көзқарастар қалыптастырылды.

«Аңсар» орталығының тапсырысы бойынша 16 минуттық «Дәстүрлі дін – діңгегім» атты бейнефильм түсіріліп, спутниктік «Отау» ТВ арқылы республика көлемінде 20 рет қайталанып көрсетілді. Бүгінгі таңда бұл орталық тарапынан түрлі ағымдардың жетегінде кетіп, жат жердің ұстанымдары мен идеологиялық саясатын дін деп қабылдаған жастар жайында «Уланған сана» бейнефильмі дайындалып, Дін істері комитетінен сараптамадан өткізіліп, ақпараттық шараларда қолданылуда.

Сонымен бірге, «Аңсар» орталығы тарапынан өңірде діни ахуалды тұрақтандыру, соның ішінде жалған діни көзқарасымен қоғамнан шет қалып жатқан азаматшалармен тиімді шаралар ұйымдастыру мақсатында өткен жылы Алматы облысынан қосымша білікті маман Перниязова Гүлсара жұмысқа тартылды. Аталған азаматшаның қатысуымен жалпы саны 500-ден астам кездесу ұйымдастырылып, 174

әйел адам қамтылды, соның ішінде 70 пайызы дәстүрлі емес көзқарастағылар.

Жалпы облыс аумағындағы әйел жамағатының арасына көшбасшы болып жүрген 7 діндар азаматшалары дәстүрлі бағытқа қайтарылды.

Сонымен қатар, Қазақстанда сот шешімімен экстремистік ұйым ретінде танылған және тыйым салынған «Таблиғи жамағат» діни-миссионерлік ұйымының қызметін тоқтатуға бағытталған түсіндіру шаралары жергілікті құзыретті органдармен бірлесе отыра облыс көлемінде жүргізілуде.

Атап айтқанда, 2014 жылы Ақтөбе қаласында және Хромтау мен Қобда аудандарында «Таблиғи жамағаттың» белсенді өкілдерімен 4-кездесу өткізілді. Аталған шараға жергілікті мемлекеттік құзырлы орган өкілдері мен теологтар қатысты. Шара барысында сот шешіміне сәйкес ұйым өкілдеріне түсіндіру жұмыстары жүргізіліп және заңдылық талаптар аясында ескертулер жасалып дінді ұстануда бейбіт өмір сүруіне шақыратын шынайы исламдық құндылықтарды басшылыққа алуға аса көңіл бөлінді.

#### 4. АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Атырау облысы Дін істері басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) өңірдегі діни ахуалды оңалту бағытында құзыретті мемлекеттік мекемелермен, қоғам зиялыларымен, қоғамдық ұйымдар мен діни бірлестіктердің өкілдерімен бірге жүйелі түрде ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізуде.

Атырау облысында облыстық, қалалық және аудандық деңгейлерде арнайы ақпараттық-насихат топтары (АНТ) жұмыс жасайды. 2015 жылы бұл топтардың жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында құрамдары қысқартылып, қайта жасақталды. Қазіргі таңда құрамында 114 мүшесі бар, барлығы 14 АНТ (2014 жылы 404 қызметкерден тұратын 87 АНТ) қызмет етуде. Мұндай іс-шара АНТ-ның белсенді және мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мүшелеріне ақы төлеу мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

2014 жылы облыстық, қалалық және аудандық АНТ-тың мемлекеттік қызметкер емес мүшелерін ынталандыру мақсатында оларға ақы төлеу ұйымдастырылды. Жоспар бойынша өткен шараларға қатысқаны үшін 5000 теңгеден 80 мың теңге аралығында 147 адамға қаражат төленді.

2014 жылы 160 мыңнан астам адамды қамтыған түрлі форматта (конференциялар, семинарлар, кездесулер) 1200-ге жуық іс-шара өткізілген болатын.

Сонымен қатар, облыстағы дін саласына қатысты профилактикалық жұмысқа тек үйреншікті дәстүрлі тәсілдермен шектелмей, өнер, яғни театр саласы да іске қосылды. 2013 жылы М.Өтемісұлы атындағы қазақ драма театрында «Хақ жолы» драмасының тұсаукесері болды. 2014 жылы бұл қойылым Атырау облысы аудандары мен басқа облыстарда да жалғасын тапқан болатын.

2014 жылы дін тақырыбына арналған, теріс діни ағымдардың шырмауында жүрген азаматтардың деструктивтік әрекеттерін әшкерелеп, дәстүрлі құндылықтарды насихаттау мақсатында Басқарманың тапсырысымен «Өмірзая» атты 5 сериялы көркем фильм түсіріліп, ҚР Дін істері комитетінің дінтану сараптамасынан өткізілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі және ҚР ҰҚК-і оң пікірін білдірді. 2015 жылы 12 мамырда Атырау қаласы, Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында «Өмірзая» көркем фильмінің тұсаукесер рәсімі өткізілді.

Фильмнің 5 сериялы толық нұсқасын 2015 жылы «Қазақстан Атырау» облыстық телеарнасынан көрсету жоспарланып отыр.

2014 жылы барлығы 4799 маман-қызметкерді қамтыған 105 біліктілік арттыру шаралары өткізілді. Осы мақсатта 2014 жылы Атырау облысы әкімі аппаратының Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және тілдерді дамыту өңірлік орталықтарында



облыстық, қалалық, аудандық АНТ мүшелерінің, терроризмге қарсы комиссия қызметкерлерінің (400 адам) біліктілігін арттыру бойынша оқыту семинарлары өткізілді. Оларға қатысқандығын растайтын тиісті сертификаттар табысталды.

Облыстық «Иманғали» орталық мешітінің ұйымдастыруымен 16-26 қаңтар аралығында қаладағы діни рәсімдерді өткізуге қатысатын 11 ақсақалға арналған 10 күндік курс ұйымдастырылды. Аталған күндер ішінде ақсақалдар Құраннан дәріс алып, діни рәсімдердің шариғат жолымен орындалу жолдарын үйреніп шықты. Аталмыш семинарды тәмәмдаған қариялардан арнайы емтихан қабылданып, мешіт жанынан діни рәсімдерді өткізуге мүмкіндік алды. Емтиханнан сүрінбей өткен 11 ақсақалға қазақи дәстүрмен иықтарына шапан жабылды.

2014 жылы Араб елдерінде теологиялық білім алып жатқан **22** азаматтың отбасы мүшелерімен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде шет елде білім алған 1 азамат елге қайтарылды. Қалған азаматтарды елге қайтару мақсатында ата-аналарымен әлі де түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Атырау облысы бойынша екпеден бас тартушы азаматтармен түсінік жұмыстарын жүргізу мақсатында облыс әкімінің орынбасарымен бекітілген арнайы Денсаулық сақтау басқармасы, ІД-нің қызметкерлері, АНТ мүшелері мен теологтардан құрылған топтардың мүшелері 2014 жылдың маусым-қазан айлары аралығында екпе алудан бас тартқан 276 отбасының тұрғылықты мекен-жайларына барып, түсінік жұмыстарын жүргізді. Осы жұмыстардың нәтижесінде 2014 жылы 23 бала екпе алды. Сонымен қатар, тақырыптық «Алдын ала егілудің адам өміріне деген пайдасы» кітапшасы тұрғындарға таратылды.

2014 жылы тамыз-желтоқсан айлары аралығында облыс тұрғындарына «Таблиғи жамағат» деструктивті діни ұйымның зияндылығын түсіндіру бойынша бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, орталық қызметкерлері «Таблиғи жамағат» ұйымының 30 мүшесіне аталмыш діни ағымның қызметіне Қазақстан Республикасында тыйым салынғандығы және деструктивті діни ұйымдардың қатарына жатқызылғандығы туралы ақпарат берілді.

## **5. БАТЫС-ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ДІН ІСТЕР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН**

Батыс-Қазақстан облысы Дін істері басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) қызметі аймақтағы конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайтуға, өңірдегі діни ахуал туралы азаматтарды ақпараттандыруға, тұрғындардың діни сауаттылығын арттыруға, оның ішінде теріс пиғылды діни идеялар мен діни ағымдардың жағымсыз әсерінен жастарды сақтау бойынша ақпараттық-түсіндірмелік іс-шаралар өткізуге бағытталған.

Басқарма мен облыстық қылмыстық атқару жүйесі департаменті арасында жылда түзету мекемелеріндегі жазасын өтеушілер ортасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында жұмыс атқаруға бағытталған арнайы бекітілген жылдық жұмыс жоспар негізінде бірқатар шаралар атқарылды.

Облыстық прокуратураның жанынан түзету мекемелеріндегі жазасын өтеушілер арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында құқық қорғау және мемлекеттік органдардан құрылған арнайы жұмыс тобы қызмет атқарады.

Негізгі мақсат – экстремизм мен терроризмге қатысты сотталған азаматтардың туған-туыстары, ата-аналары, ағалары, әпкелері, әйелдері, балалары арқылы ол азаматтың теріс түсінігіне әсер ету, жақын туыстарының қатысуымен радикалды көзқарасынан қайтару.

Аталмыш топ өз жұмысы барысында облыс аумағындағы дәстүрлі емес бағытты ұстанушы сотталған азаматтардың тізімін жасақтады. Тізімге облыс аумағында арнайы есепте тұрған 28 тұлға кірді. Олардың 14-і облыс тұрғындары.

Сотталған азаматтардың тізімі анықталғаннан кейін жұмыс тобы мүшелерімен ол азаматтарға әсер ету үшін туыстары жайлы мәлімет жинақтау жүргізілді. Осыдан соң, Басқарманың теолог мамандары анықталған азаматтармен тұрақты түрде жұмыс жүргізді.

Аталған азаматтармен түрлі форматтарда (жеке және топтық) кездесулер өткізілді. Басқарма теологтарынан бөлек, әрбір сотталған азаматтардың жағдайын біліп, бақылап отыру үшін психолог мамандар бекітілген. Психолог мамандар ол тұлғалардың психологиялық портретін жасап отырады. Бұл, өз кезегінде, теолог мамандардың жұмысына көмек болып отыр.

Арнайы кесте бойынша жазасын өтеуші азаматтармен кездесуге келген туған туысы, жақындары, ата-аналары, әйелдері, балаларымен кездесуден кейін жауапты мекеме қызметкерлері сөйлесіп, олардың материалдық және басқа да мәселелер бойынша көмек керек болған жағдайда, тиісті мекемелер, мешіт және қайырымдылық қорлар арқылы көмек көрсетіледі.

Жұмыс тобының атқарған жұмыстарының нәтижесінде әкімшілік арқылы сотталғандардың 7 туыстарына 1 млн. астам қаражат көлемінде

мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсетілді. Сонымен қатар сотталғандардың 4 туысы тұрақты жұмысқа қабылданды.

Жазасын өтеуші Т. азаматың 2-ші топтағы мүгедек анасына «Ақжайық» санаториясына жолдама берілді.

Облыстық білім басқармасы арқылы 17 сотталғандардың мектеп жасына дейінгі балаларына көмек көрсетілді. Әлеуметтік ислам бағытында басқарманың ұсыныстары бойынша ҚМДБ-ның Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының тарапынан арнайы діни мейрамдар (Құрбан айт, Ораза айт) күндері халыққа және мешітке деген көзқарасын жақсарту мақсатында әлеуметтік жағынан осал топтардың өкілдеріне азық-түлікпен, киім-кешекпен, қаржылай және т.б. көмек көрсетілуде.

Облыстық «Аманат-Жайық» қоғамдық (*корпоративтік*) қоры арқылы 6 сотталғандардың отбасына 10-15 мың теңгенің көлеміндегі қаражатқа азық-түлік ретінде көмек берілді.

Сондай-ақ, мекеме әкімшілігімен есепте тұрған сотталғандарды жұмыспен қамту жұмысы ұдайы тұрғыда жүзеге асырылады. Мысалы, қазіргі таңда сотталғандар медициналық бөлім санитары, слесарь-сантехник және «Еңбек-Орал» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мекемесінің штатында жұмыс істеуде.

Алдағы уақытта мекеме тарапынан есепте тұрған сотталғандарды кітапханашы және жұмысшы мамандықтары бойынша жұмыспен қамту жоспарлануда.

Мекеме әкімшілігімен сотталғандарды кәсіптік колледжде газо-электр дәнекерлеуші және ағаш ұстасы мамандықтары бойынша кәсіптік оқыту (қайта оқыту) жұмысы қолға алынған. Аталған профилактикалық жұмыс сотталғандардың бос уақытын тиімді өткізуге және ұжымдық жұмысқа баулуға бағытталған.

Басқарманың арнайы шақыртуымен келген «Нұр Мүбәрәк» Египет ислам мәдениеті университетін исламтану мамандығы бойынша тәмамдаған А.Тулесов Басқарма жанындағы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оңалту бөлімінде 4 ай жұмыс жасап, Батыс Қазақстан облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментіне жедел аға өкіл, әрі теолог маман болып қызметке тұрды.

## 6. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «НҰРЛЫ БІЛІМ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН

2013 жылдың қарашасынан бастап «Нұрлы білім» қоғамдық бірлестігі өз қызметін жүзеге асыруда.

Бірлестіктің басты міндеті: Дін атын жамылған экстремизм мен терроризмді алдын алу және оған қарсы қызмет атқару.

Бірлестіктің қызметі ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы 2013-2017 жылдарға арналған Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша Мемлекеттік бағдарламаға негізделген.

Қабылданған Бағдарламаны орындау үшін бірлестік өздеріне төмендегі тапсырмаларды міндеттейді:

– радикалды діни идеологияның болмысы мен залалын ашып көрсету;

– деструктивті діни идеологияны қабылдамайтын мызғымас таным қалыптастыру;

– халықтың діни және құқықтық сауатын көтеру;

– конфессияаралық келісімді, қазақстандық патриотизмді, толеранттылық пен адамгершілік қағидаларын сақтау;

– Қазақстан халықтарының дәстүрі мен рухани мәдениетін сақтау және дамыту;

– қоғамдық санаға мемлекет пен қоғамның зайырлылық қағидаларын жеткізу.

Соған байланысты деструктивті ағымды жақтаушыларды қайтару мақсатымен мынадай жұмыстар жүргізіледі:

– дәстүрлі емес діни ағымдардың жақтаушылары арасында Қасиетті Жазбалар мазмұнындағы діни қайнаркөздер арқылы тек ғылыми форматқа негізделген жеке мекен-жайлық жұмыстар жүргізу;

– қазақ халқының ағартушылары жазған еңбектерінің негізінде дәстүрлі емес діни ағымдар ерушілерінің сенімдерінің қателігін түсіндіру (*Мұндай кездесулер астыртын жүргізіледі*);

– дәстүрлі емес діни ағымдардың жақтастарымен байланыс орнатуда оның сеніміне кіру (*іс-шара барысында ол туралы ешқандай байланыс деректері тіркеуге алынбайды. Мекен-жайлық жұмыстар аймақтардағы діни ғимараттарда, мектептерде, интернаттарда, оқу орындарында өткізілгендей, үйде немесе басқа да еркін жағдайда өткізіледі*);

– бірлескен шараларды өткізу мақсатымен деструктивті ағым өкілдерінің ата-аналарымен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізу.

Бірлестік азаматтардың деструктивті ағымдар қатарына өтуін алдын алу мақсатымен төмендегідей жұмыстарды жүргізуде:

– зайырлы аудиториялар үшін: үш күндік оқыту семинарлары, кездесулер, дөңгелек үстелдер, конференциялар;

– дәстүрлі исламның ханафит мазхабын ұстанатын, діни ғұрыптарды іс жүзінде орындап жүрген адамдар үшін: діни сенімі бойынша сабақтар.

Мемлекеттік бағдарламаның 3-і бөлімінде көрсетілгеніндей, діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы ағымдағы жағдайларға талдау жасау барысында осал қырлар қатары анықталды. Олардың бірі экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мазмұнындағы, соның ішінде ғаламтор желілеріндегі, материалдардың таралу жүйесінің жетілмегендігі болып табылады.

Аталған тармақтағы кедергіні жеңіп, ғаламтор-кеңістігі арқылы идеологиялық алдын-алу шараларын жүргізу мақсатымен келесі іс-шаралар өткізілді:

– діни мазмұндағы сайттарға контент-талдау жүргізу;

– деструктивті ағымдардың идеяларын жоққа шығаратын дәстүрлі ислам туралы ақпараттарды орналастыру;

– конференцияларға, блогтарға, диспуттарға қатысу.

Қоғамдық бірлестік құрылғаннан кейін теологтар жүргізген бақылауларға сәйкес Қарағанды аймағындағы дәстүрлі емес деструктивті ағымды жақтаушылар (*сәләфи-уахаббитік*) саны атқарылған жұмыстардың арқасында 100 адамға қысқарды.

2014 жылы бірлестікпен жүргізілген жұмыстардың нәтижелері төмендегідей:

– Қарағанды қаласында 16 адамның дәстүрлі ислам туралы сенімі қалпына келтіріліп, дәстүрлі дін аясына қайта оралды; сондай-ақ 5 адам радикалдық сенімнен арылды, оның 3 – ағымның көшбасшылары (олардың бірі 200 адамнан тұратын топқа ықпал еткен);

– Жезқазған және Сәтпаев қалаларында 11 адам дәстүрлі исламға бет бұрды, 30-ға жуығы теріс ықпалдан арылды, олардың 1-уі – 30 адамға жуық топқа ықпал еткен көшбасшы болған;

– Балқаш қаласындағы 20 түзету мекемелеріндегі сотталған 36 адам, Оңтүстік Қазақстан облысындағы түзеу мекемелеріндегі сотталған 3 адам өз сенімдерінің қателігін мойындап, дәстүрлі исламның ханафит мазхабына өтті;

– жеке кездесудің нәтижесінде Теміртау қаласының 10 тұрғыны дәстүрлі исламдық көзқарасқа өткен.

Дәстүрлі исламға ауысқандардың жалпы саны – 60 адам.

Бейімделгендер (дерадикалданғандар) саны – 35 адам болса, дәстүрлі исламға ауысуға жақын қалғандардың жалпы саны – 20 адам.

Зайырлы аудиториямен іс-шара ұйымдастырғанда келесідегідей мәселелерді ескеру қажет:

Республикалық тәжірибеде алғашқы рет АНТ мүшелерінің, дінтанушылардың, мемлекеттік қызметкерлердің, жастар көшбасшыларының және қылмыстық-түзету жүйелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі 3 күндік семинарларды өткізу енгізілген. Оқу мерзімі қорытынды электрондық тестілеу мен алдағы сертификатталудан кейін 3 күнді құрайды. Бірлестік ағымдағы жылда

Қарағанды, Жезқазған, Сатпаев, Абай, Балқаш, Ботақара қалаларында 11 оқу семинарларын өткізді. Семинарларда қатысушылардың жалпы қамтылуы – 1400 адам, оның ішіндегі 1000-ы бағдарламаны жетік меңгеруден және қорытынды тестілеуден үздік өту нәтижесінде сертификатталғандар қатарынан орын алды.

3 күндік курсты өткен және меңгерген Теміртау қаласының орта мектеп мұғалімдерінің кезек күттірмес әсері семинарларды өткізу тиімділігінің көрнекі үлгісі болып табылады. Мұғалім деструктивті ағымды қолдайтын 1 оқушыны дер кезінде байқап, оған түсінік беру сұхбатын жүргізу үшін бірлестіктің білікті теологтарын шақырды. Жеке кездесуден кейін жасөспірім өзінің көзқарастарынан кері қайтты және радикалды идеологиядан бас тартты.

Бірлестіктің қызметкерлері зайырлы аудиторияға арналған семинарларды өткізу барысында намазға жығылу, орамал тағу, ауыз бекітуді ұстану, зекет беру, қажылыққа бару және т.б. сияқты діни тәжірибені орындауға, бір діннен екінші дінге өтуге үндеу жүргізбейтіндігін атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы заң күшіне енген заңнамасының талаптарына сәйкес діни рәсімдерді орындауға шақыру, тек қана діни ғимараттарда ғана жүргізіледі. Тәжірибе көрсеткендей, исламды қабылдап, халықтың орыс тілді христиан бөлігі отбасындағы ішкі жанжалдарға әкелетін исламшылдықтың ақырғы нысанына өтеді.

Әрбір іс-шараның аяғында өткізілетін әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері оқу семинарлары тиімділігінің бірден-бір дәлелдемесі болып табылады. Жезқазған қаласында өткен сауалнаманың қорытындысы бойынша 189 жауап берушіден тек 5-7%-ға деструктивті теріс пиғылды діни ағымдардың өкілдерін, әдебиеттерін, ғалымдарын (шайқыларын), сайттар мен өзге де діни ақпараттарын ұқсата алған. Семинардың аяғына қарай олардың саны 60-70%-ға дейін ұлғайған.

Діни жоралғыларды пайдаланатын адамдар тобы үшін дәстүрлі исламға сәйкес діни сенім (ақида) бойынша оқу семинарлары жүргізіледі. Ер азаматтарға бірлестіктің жоғары білікті теологтары сабақ береді. Әйел жамағатына арналған курстарды тек қана бірлестік төрағасында тәлім алған оқушылар ғана жүргізеді.

Сабақтар 2013 жылдың қарашасынан бастап қазіргі күнге дейін жалғасын тауып жүргізіліп жатыр. Оқушылардың жалпы саны – 50.

Сәләфизм-уаххабизм ағымдарының жақтаушылары арасында радикалдылықтың дәрежесін талдай отырып, шартты түрде оларды үш топқа бөлуге болады және осы топтармен бағытталған түрде жұмыс жүргізілуде:

1 топ – «құбылмалылар». Бұл топқа түсіндіру жұмыстарын алғашқы кезден бастап жүргізу қажет. «Құбылмалылармен» әңгімелесу тек қана ғылыми үлгіде ғана өткізіледі. Құран мен Пайғамбар сүннетіне негізделген, қолжетімді нысанда және дәлелді негізде ислам атын жамылғандар идеологиясының жаңсақтығын көрсетеді.

2 топ – «біркелкілер». Бұл топтармен жұмысты аса байқампаздықпен жүргізу қажет. Тәжуид, сарф пен хадис сияқты тақырыптардан бастап, жайлап қана фикх тақырыптарына, содан соң талқылаудың негізгі пәні – ақидаға көшуге болады. Тәжірибе көрсеткендей, радикалданудың бастапқы кезеңдерінде олардың көбінде ғылыми үлгідегі бейбіт әңгімелесулер барысында діни сана-сезімі өзгеріп, өздерінің теріс наным-сенімдерінен бас тартады.

3 топ – «аса радикалдылар». Аталған топпен жұмыс тек қана радикалдылар теріске шығара алмайтын Ислам әлемі ғалымдарының фундаменталды еңбектері мен дәлелдеріне негізделіп жүргізіледі. Теріске шығару Сенім (иман), Жаратушының атрибуттары мен тәкфир (сеніміне айып тағу) сияқты діни сенімнің басты кезеңдеріне негізделген.

Машықтанған мұсылмандармен жұмыс істеу дәстүрлі ислам ізбасарларымен жұмыс істеген секілді, теріс пиғылды деструктивті діни ағымдардың жақтаушыларымен де тек қана Ахлю Сунна уаль-Джамаъат ғалымдарының кітаптары, Абу Ханифа имамының «Фикхуль Акбар», «Әл Уасия», Ат-Тахауи имамының «Ақида Ахлю сунна», Ризабек Батталұлының «Ақида сабақтары» және де қазіргі таңда мемлекеттік тілде жазылған бірден-бір Құран мағыналары мен түсініктемелерінің дұрыс жазылған аудармасы болып Халиф Алтайдың редакциясымен жазылған Құран мағыналары мен түсініктемелерінің аудармалары үлгісінде жүргізіледі.

Діни ағымдардың көшбасшылары интернет кеңістік арқылы адамдарды барынша тарту бойынша белсенділік танытуда, соның ішінде Қазақстанды да атап өткен жөн. Олардың активтеріне әр түрлі сайттарда жарияланатын мақалалар, сұрақтар мен жауаптар, аудио және бейне уағыздар және деструктивті бағыттағы басқа да материалдарды атап өтуге болады.

Интернет кеңістігінде радикалды идеологияның таралуын болдырмау мақсатында, елімізде алғаш рет интернет кеңістікте жүйелі жұмыстарды жүргізу жүзеге асырылуда.

Интернет-кеңістікте ауытқыған негізде болатын, діни мәселелерден хабары жоқ, диспуттарға қатыспайтын, тек қана ғылыми түрде жазылған комментарилердің теріс екендігіне сенетін және деструктивті идеологияға қарсы иммунитет туғызатын «бақылаушы көрермендердің» бар екендігін атап өткен жөн.

Елбасы сөздерін ескере отырып: «Бүгін интернеттің және озық технологиялардың ғасырында ақпараттық тасқын зор кезеңде, «сүзгіш» адамның ішінде болуы керек», біз қоғамның барлық буындарындағы радикалды идеологияға қарсы иммунитет құрып, белгілі нысанға келтіруіміз керек.

Осы ретте, бірлесе отырып әдістемелік құралдар әзірленді: мақсатпен қойылған алдын алу және діни экстремизм мен терроризмді алдын алу шараларының 14 оқу-әдістемелік құралдары, соның ішінен белгіленген аудитория үшін арнаулы, мемлекеттік қызметкерлер, діндар

өкілдері, АНТ, БАҚ, дінтанушылар, жастар көсемдері сияқты және т.б., барлық оқу құралдар дінтанушылық сауаттылықты арттыру және қоғамдағы төзімді діни сананы және радикалды идеологиды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу құралында діни және саяси лаңкестіктің болмысы талданады, қазіргі қоғамның барлық өзекті діни мәселелер көтерілген, қазақ халқының ислам дінді қабылдауының тарихи аспектілері, негізгі мақсаттар, ұстаным және діни саласындағы мемлекеттің саясаты; мақсаттары, мемлекеттің қызметіндегі АНТ-ның міндеттері мен рөлі қамтылған.

Дәстүрлі ислам мен деструктивті ағымдарының арасындағы айырмашылықтарына төмендегідей бағыттар бойынша айрықша көңіл бөлініп, түсініктеме жұмыстар жүргізілуде:

- Киелі құран аяттары;
- Мұхаммед пайғамбарының хадистері;
- Ахлю Сунна уаль-Джамаа дәстүрлі ғалымдарының бірауызды пікірі;

- Қазақ зиялыларының дінді насихаттаушыларының жорамалдары.

Әдістемелік құралдың маңыздылығын Республикалық деңгейде атап өтуге болады. Мысалы: әдістемелік материалдарды өз бетінше оқып үйренудің нәтижесінде, радикалды идеологияның 3 жақтастары, Оңтүстік Қазақстан облысының түзеу мекемелерінде жазасын өтеушілер, дәстүрлі ислам ортасына ауысты.



## 7. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-насихат жұмысының сапасын арттыруға облыстық Дін істері басқармасы (*бұдан әрі – Басқарма*) қалалар мен аудандар әкімдіктерімен, мүдделі мемлекеттік органдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп өткізетін әртүрлі кешенді іс-шаралары (кездесулер, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.с.с.) ықпал жасайды. Басқарманың ақпараттық-насихат жұмысы сапасын арттыруға үлкен көңіл бөлуде. Осының нәтижесінде облыс аумағында 72 ақпараттық-насихат топтары өз қызметін атқаруда. Соның ішінде облыстық қалалар мен аудандар әкімдіктерінің жанында 20, облыстың ЖОО-да 8 және колледждерде 43 АНТ-тың ұйымдастырылған жұмысы жалғасын табуда.

Облыстық ақпараттық-насихат топтарының жанында теологтардың мобильді тобы құрылып, олар дәстүрлі емес діни идеологияның ықпалына ұшыраған мешіт жамағатымен жеке әңгімелесулер өткізу мақсатымен апта сайын қалалар мен аудандардың мешіттерінің жамағатымен, соның ішінде жастармен, 18-50 жас аралығындағы адамдармен кездесуде. Өткізілген кездесулердің нәтижелері бойынша «салафизмнің» 3 жақтаушысы дәстүрлі ислам арнасына келтірілді, 7 адамның діни көзқарастарына күмәнмен қарауларына көздерін жеткізді, 1 адам «Таблиғи жамағат» жақтаушыларымен байланысынан бас тартты. Нүктелі сипаттағы іс-шараларды және нысаналы аудиторияларды өткізуге айрықша назар аударылды. Құрамдарында протестанттық мәндегі дәстүрлі емес ағымдардың жолын ұстанушылар бар еңбек ұжымдарында, жастар және радикалды ортада түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды. Теологтардың мобильді тобы Ұзынкөл, Денисов, Меңдіқара, Қарасу аудандарының, Арқалық, Қостанай, Жітіқара, Рудный қалаларының, Затобол кентінің және Тобыл станциялары мешіттерінің жамағатымен «Таблиғи жамағат» теріс қызметінің және оның қатарына өңірлер тұрғындарын тартуға қарсы іс-қимылдың мән-жайын түсіндіре отырып кездесулер өткізді.

Осы мақсатпен Қостанай, Рудный және Қашар қалаларының бірқатар өндірістік және оқу ұжымдарында семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды, іс-шаралар облыстық «Костанайские новости» және «Костанай-Агро» газеттерінде, республикалық және жергілікті арналарының телехабарларында жарыққа шығарылды.

Іс-шаралар барысында конфессияралық және ұлтаралық келісім, толеранттылықты нығайту, жат пиғылды діни ағымдары идеологиясының теріс мән-мағынасы мен төнетін қаупі, дәстүрлі діндердің жастарды имандылыққа тәрбиелеудегі рөлі мәселелері талқыланды.

2014 жыл ішінде күмәнді сипаты бар және сараптамалық зерделеуді талап ететін интернет-ресурстарын анықтау жөнінен жүргізілетін интернет-ресурстары мониторингінің нәтижелері бойынша Дін істері

комитетіне діни сараптама жүргізу және одан әрі тиісті шаралар қолдану үшін сайттардың 65 адресі жіберілді.

«Қауырт желі 114» республикалық ақпараттық-консультативтік орталығын ақпараттық қолдау жөніндегі жұмыс жалғастырылды, облыстық және өңірлік БАҚ мүмкіндіктері пайдаланылды (Қостанай қ. ІСБ бастамасы бойынша облыстық «Наш Костанай» газетінде, таралымы 18000 дана, ақпарат тоқсан сайын жарияланады.

Мұның сыртында, аталған материал Рудный қ. «Рауан» радиосында жарыққа шығарылды, ал «Қауырт желі 114» жұмысы туралы ақпараттық бейнетаспа облыстық «Қазақстан-Қостанай» және «Алау» телеарналарында бір айда үш-төрт реттік мерзімділігімен көрсетілді.

Діни тақырып «Қазақстан-Қостанай» және «Алау» телеарналарында «РТН-Подробности», «Жаңалықтар», «Новости дня», «Арқа ақпарат» жаңалықтар бағдарламаларында, «Первая студия», «Бірінші студия», «Көкейтесті сұхбат» телехабарларында жарыққа шығарылады. 10 шілдеде «Қостанай таңы» газетінде облыстың түзеу мекемелерінде «Жат пиғылды діни ағымдар» дөңгелек үстелінің өткізілгендігі туралы ақпарат орналастырылды.

Басқарма ауылдар мен ауылдық округтері әкімдері, учаскелік полиция инспекторлары үшін дін саласының өзекті мәселелері бойынша аймақтық оқыту семинарларын ұйымдастыруды жалғастырды.

Есепті кезеңде Арқалық қаласы, Әуликөл және Науырзым, Аманкелді мен Жангелдин, Жітіқара, Қамысты, Денисов және Таран, Федоров пен Қарабалық, Мендіқара, Қостанай және Ұзынкөл аудандарының ауылдары мен ауылдық округтері әкімдері, учаскелік полиция инспекторлары үшін 7 аймақтық оқыту семинар-тренинг өткізді.

Семинарлар барысында қатысушылардың блиц-сауалнама жүргізілді, олардың нәтижелерінің талдауы қатысушылардың діни сауаттылығы деңгейін анықтауға және семинардың тиімділігін бағалауға, сондай-ақ ұсынымдар әзірлеуге және ақпараттық-түсіндіру жұмысын жетілдіру жөнінен шаралар қолдануға жәрдемдесуде.

Тыңдаушылардың аталған санаты үшін дін саласындағы заң нормалары туралы қысқаша ақпараты, облыстағы неғұрлым таратылған діни бірлестіктерінің, жат пиғылды ағымдардың сипаттамалары бар арнайы жаднама әзірленді, әртүрлі жағдайлар кезіндегі ауыл және ауылдық округ әкімі әрекетінің бағдаржолы ұсынылды.

Жұмыс жоспарына сәйкес жол-патруль полициясының қызметшілері мен Қостанай облысы бойынша ІІД Оқу орталығының тыңдаушылары, облыс ІІД аппаратының қызметкерлері, 6697, 4503 әскери бөлімдерінің офицерлері, мерзімдік қызмет әскери қызметшілері мен персоналы, Облыс бойынша қорғаныс істері жөніндегі департаментінің, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің «Солтүстік» өңірлік басқармасының, ювеналды полицияның қызметкерлері, Спорт және дене шынықтыру басқармасының жаттықтырушылары, Рудный қ. ММКҚ бөлімінің қызметкерлері үшін оқыту семинарлары өткізілді, облыстың ІІД Оқу

орталығында «ҚостанайАГРО» газеті ұйымдастырған «Әсіре діни ағымдармен күрес және жат пиғылды діни ағымдар ықпалының алдын алу» тақырыбындағы дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Облыстың мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау орталығында ауылдық округтер, қалалар мен аудандар әкімдіктерінің мамандары, жаңадан тағайындалған мемлекеттік қызметшілер алдында тұрақты негізде дәрістер өткізілді. Осы семинарларда түсіндіру және алдын алу жұмысын сапалы ұйымдастыру үшін дәстүрлі діндер, ҮЕҰ өкілдері, ғалымдар тартылды.

Кездесу барысында өңірлік БАҚ өкілдері діни саланы жарыққа шығару жөніндегі жұмыс тәжірибесімен алмасты. Іс-шараның қорытындысы бойынша қатысушылар әдістемелік құралдар және ақпараттық материалдармен қамтамасыз етілді.

Облыстық және өңірлік БАҚ-та мемлекеттік органдар қызметкерлері, журналистер және дін қызметкерлері тарапынан конфессияаралық келісімді нығайтуға, халықтың діни сауаттылығын жоғарылатуға және діни экстремизм идеяларының таралуынан сақтандыруға бағытталған 153 мақала жарияланды.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни ахуалдың дамуына мониторинг пен ақпараттық-түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды:

– Басқарма қызметкерлері, ҚМДБ өкілдері және теолог мамандар қатысуымен УК-161/2, УК-161/4, УК-161/11 түзету мекемелерінде семинарлар, дәрістер және жеке әңгімелесулер тұрақты түрде өткізілуде;

– Басқарма қызметкерлері исламдық ағымдардан («салафиттік», «тәкпіршілік», «жихадтық») сақтандыру және таралуының алдын алу мақсатында апта сайын кесте бойынша Қостанай, Арқалық, Құсмұрын қалаларының түзеу мекемелерінде іс-шаралар өткізілді;

– ҚМДБ-ның АНТ мүшелері түзеу мекемелерінде алдын алу жұмыстарын жүргізді. Сотталғандарға оңды идеологиялық ықпал жасау мақсатында теологтар «мазхаб», «тәкпір», «жихад» тақырыптары бойынша түсініктер беріп, Құран хадистері мен аяттарының теологиялық терминдерін пайдалана отырып, жеке әңгімелесулер өткізді;

– Басқарма қызметкерлерімен өңірдегі барлық түзету мекемелерінде сотталғандар үшін «Дәстүрлі емес діни ағымдардың қызметі туралы. Белгілері және теріс мәні» тақырыбына арналған дәрістер оқылды.

Ақпараттық-насихат жұмысының бағыттарының бірі облыстық «Марал ишан» мешітінің ([www.mechet.inicom.kz](http://www.mechet.inicom.kz)), Қостанай және Рудный епархиясының ([www.kst-eparhiya.kz](http://www.kst-eparhiya.kz)) интернет-сайттарының жұмысын ұйымдастыру. Екі ресурс та қосымша заманауи техникалық мүмкіндіктермен жарақтандырылды (мешіттің сайтында ақпарат орыс тілінде де құрайды, кері байланысы бар; Епархия жұмысын әлеуметтік желілерде жүргізеді, блог-платформасы және т.б. бар).

## **8. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ**

### **ДІН ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАНЫҢ «ТАЛДАУ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ» ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН**

2012 жылдың қазан айында Павлодар облысы әкімшілігінің қаулысымен «Талдау және конфессияаралық қатынастарды дамыту орталығы» (*бұдан әрі – Орталық*) құрылды. Орталық аймақтық деңгейде діни үдерістерді зерттеуге бағытталған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Орталықтың кадрлық құрамы дінтанушылар, мәдениеттанушылар, теологтар, психологтар, саясаттанушылар мен заңгер мамандардан құралған. Штат құрамы 25 бірліктен тұрады.

Орталықтың басты міндетіне конфессияаралық келісімді нығайту, толеранттылық сананы қалыптастыру мен діни төзімсіздік пен экстремизмге қарсы тұру үшін қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік органдардың өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету жатады.

Орталықта 4 бөлім қызмет атқарады. Олар: әкімшілік бөлім; ақпараттық-түсіндіру жұмысы бөлімі; діни экстремизмнен зардап шеккендерді оңалту бөлімі және ғылыми-әдістемелік жұмыс бөлімі.

Орталық басымдылықтарының негізгі бағыттары: облыс тұрғындарына ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу; діни деструктивті ұйымдардан зардап шеккендермен қатар, сотталған азаматтарға психологиялық және әлеуметтік тұрғыда көмек көрсету; ғылыми-әдістемелік материалдар мен зерттеу базасын қалыптастыру.

1) аймақтық және республикалық деңгейде діни экстремизм мен жалған діни қызметтерге қарсы күресуге бағытталған әдістемелік және тәжірибелік іс-шаралары ұйымдастыру және өткізу;

2) радикалдық, деструктивті және тоталитарлы культтерден зардап шеккен азаматтарға психологиялық және құқықтық тұрғыда көмек көрсетіп, оңалту жұмыстарын жүргізу;

3) облыста діни экстремизмге қарсы күресуде ақпараттық-насихат топтары мен Үкіметтік емес ұйымдардың іс-шараларының әдістемелік жұмысы мен ұйымдастырылуына көмек көрсету;

4) аймақтық конфессияаралық салада тұрақсыздыққа шақыратын жағымсыз үрдістерге (тенденция) әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізу;

5) әр түрлі ақпараттық және танымдық іс-шараларды өткізу.

Орталық қызметіне әр түрлі форматта атқарылған іс-шаралар кірді. Олар: дөңгелек үстелдер; ғылыми-практикалық конференциялар; ақпараттық сағаттар; семинар-тренингтер; деструктивті культтердің психологиялық тәсілдерін баяндаған әдістемелік материалдарды тарату; еліміздің дәстүрлі құндылықтарын насихаттайтын әлеуметтік бейнероликтер мен деректі фильмдерді түсіру және айналымға енгізу.

Орталық 2014 жылдан 2015 жылға дейін ақпараттық-түсіндіру және оңалту, сонымен қатар ғылыми-талдау бағыттары бойынша жұмыстар атқарды.

I. Облыс тұрғындары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары.

Орталық қызметкерлері террористтік әрекеттерді алдын алу шараларын қамтитын халық арасындағы сапалы өзгерістерді анықтайтын индикаторлармен жұмыс жасауда. Олар:

Бірінші индикатор, халық арасында, әсіресе дәстүрлі емес діни идеяларды ұстанушылары ортасында терроризм мен экстремизм қауіпі жөнінде қалыптасқан көзқарастар мен ұстанымдарын анықтайды;

Екінші индикатор, халық арасындағы діни иммунитетті қалыптастыру мақсатында, қоғамдағы радикалды діни идеологияның таралуына қатысты адамдардың қатынасын анықтайды;

Үшінші индикатор, халықтың қылмыстық жауапкершілігі мен құқық қорғау органдарына жүгіну мүмкіндігі туралы хабардарлығын анықтайды.

Барлық АНТ мүшелері Орталықта 4 деңгейлі дайындықтан өткен. АНТ мүшелеріне арналған үлгілік дәріс барлық дін өкілдерімен келісіп әзірленген.

Аймақтарда конфессияаралық қатынастар аясында мемлекет саясатын қолдайтын дәрежені анықтау және радикалдану элементтерінің әсеріне ұшыраған аймақтарды анықтау үшін діни үдерістерге жедел түрде әрекет ету мақсатында жарты жылда 1 рет әлеуметтік сауалнама жүргізіледі.

Сауалнама барысында дәстүрлі емес діни ағымдар идеологиясы әсерінің жетегіне түскен 3 топ анықталды. Олар: дәстүрлі діни ағымдардың өкілдері; «құбылмалылар» мен «еліктірілгендер».

Осыған орай көпшілікке ортақ және түрлі үлгідегі әр топқа негізделген іс-шаралар өткізілді. Сонымен қатар, АНТ мүшелерінің біліктілік деңгейін арттыру мақсатында тұрақты негізде құрылған курстар жұмыс істеуде. Ол жерде халықтың мақсатты топтарының жас ерекшеліктері мен түрлі көзқарастарын ескере отырып, әр түрлі үлгілер мен әдістер қолданылады.

Жастармен жұмыс жасау қазіргі заман талабына сай коммуникативті әрекет ету нысандарын қолдану, яғни интернет-конференциялар, флэш-мобтар және т.б. іс-шаралар өткізу жұмыс жасаудағы басым бағыттары болып табылады. Олармен жұмыс демалыс уақытында да жүргізіледі. Балалар лагерлерінде ертегі-терапевтік, ойын-сауықтық және арт-терапевтік тренингтер өткізіледі. Қазіргі таңда мемлекет қамқорлығындағы балалар да назардан тыс қалып отырған жоқ. Мысалы, Мичурин балалар уйінде жастардың деструктивті ортаға арбалуын алдын алу мақсатында театралдық қойылым ұйымдастырылды.

Облыстың мемлекеттік және бюджеттік ұйымдарында жүргізілген алдын алу шаралары халықтың әр түрлі топтарын: жеке құрылымдардан бастап, «Ақсу ферросплавов заводы», АО «KEGOK», «Қазақстан Темір

Жолы», «KSPSteel», ТОО «Богатырь Комир», ТОО «Майкубен-вест», ТОО «Проммашкомплект», ГРЭС-1 г. Аксу, ГРЭС -2 г. Экибастуз, АО «Горэлектросеть», АО «ПХБК» АО «Казахтелеком» секілді ірі мемлекеттік өндіріс орындарын қамтыды.

Жалпы орталық 1500 іс-шараны өткізу барысында 2013 жылы – 9,6%, 2014 жылы – 14,3% облыс тұрғындарын қамтыды, соның ішінде 70% жуығы деструктивті ағымдарға икемді жұмыссыз, өз бетінше жүрген жастар тобы. 200000 тиражбен 35 түрлі баспа өнімдері шығарылып, 2500 диск таратылды. Облыста 2013 жылы 42.818 адамды, 2014 жылы 87.258 адамды қамтыған діни радикалды ағымдардың алдын алу шаралары жүргізілді. Жалпы өткізілген іс-шараның саны – 495.

Өткізілген барлық іс-шаралар БАҚ-та жарияланып, радиодәрістер түрінде өткізілді, материалдар интернет-ресурстарда жарияланып, аудандық және облыстық баспа басылымдарда жарық көрді.

II. Ғылыми-әдістемелік материалдар мен ғылыми-зерттеу базасын құру.

Діни ахуал мен экстремистік және террористік бағыттағы қауіп-қатерлерге байланысты мәселелер тек интуитивтік түрде шешілуі мүмкін емес. Әлемдегі ғылыми ойдың барлық арсеналын жергілікті тұрғыда ең үздік халықаралық тәжірибені пайдалану керек. Осы жолда Орталық құнды тәжірибе алмасу, мамандардың қажетті кәсіби көмегі мен өзіндік зерттеулерді ұсыну, пән бойынша халықаралық конференцияларға қатысып, жұмыстың ең тиімді жолдарын зерттейді. Орталық білім беру саласындағы қызметкерлерге, құқық қорғау органдарына тергеу изоляторларына арналған практикалық қолданыс үшін әдістемелік ұсыныстар; монографиялар мен ғылыми мақалалар; әр түрлі діни конфессияларды жақтаушылардың алгоритмін; сауалнамалар мен зерттеулер дайындалады. Діни ахуалға әсер етуші себептерді анықтап, нақтылау мақсатында ғылыми-зерттеу бағыты бойынша жұмыс істейді.

2014 жылы Орталық «Деструктивтік ұйымдарға тартылған тұлғалармен жұмыс істеудің жаңа формасы және әдістері: теория мен практика» атты тақырыбында I халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Конференция нәтижесінде резолюция қабылданды.

Конференцияға қатынасқан ғалым психолоктар, теологтар жаңа формалар және әдістердің практикада қолдану мәселелері бойынша өз ұсыныстарын жасады.

2014 жылы Орталық ғылыми-зерттеу жұмысы саласында заманауи қызметтерді іске асыру мақсатында РФ Ярославль қаласында «Халықаралық психологиялық ғылымдар академиясының» президенті В.В. Козловпен, РФ Владивосток қаласында ГБОУ ВПО «Тынық мұхиттық мемлекеттік медициналық университетінің» (қоғамдық денсаулық факультеті, жалпы психологиялық пәндер кафедрасы) директоры В.Б. Шуматовпен, РФ Владивосток қаласында «Клиникалық және қолданбалы психология орталығының» директоры В.В. Кадыровпен келісім шарттар жасалды.

Келісім шарттардың мақсаты – қоғамдағы деструктивті діни психологиялық құбылыстағы идеялар таралуының алдын алу және психологиялық тұрғыда зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша тәжірибе алмасу.

Ынтымақтастық бағыттары:

- мамандардың алмасуына көмектесу;
- облыстарда ғылыми-әдістемелік ынтымақтастықты орнатуға ықпал ету;
- ғалымдар мен оқытушылардың ғылыми біліктілігін арттыруда көмек көрсету;
- озық ғылыми-зерттеу әдістерін әзірлеуде тәжірибе алмасу;
- алдыңғы қатарлы зерттеулер жүргізу үшін жарияланымдар мен материалдар алмасу барысын жеңілдету;
- екіжақты семинарлар мен конференциялар, дәріс оқуды ұйымдастыру;
- ғылыми жобалар мен бағдарламаларды дайындап, жүзеге асыру.

Орталық қызметкерлері келесідей конференцияларға қатысты:

1. 2014 жылдың 25-28 сәуір аралығында РФ Ярославль қаласында өткен «Интегративтік психотерапияның заманауи тәсілдері мен әдістері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында баяндама оқылып, ғылыми мақалалар жазылды.

2. 11-13 шілдесінде РФ Владивосток қаласында өткен «Төтенше және дағдарыс жағдайындағы жеке тұлға» атты III халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндама оқылып, ғылыми мақалалар жарыққа шықты.

3. 20-21 қарашасында РФ Хабаровск қаласында өткен «Бүгінгі қоғамның медицина-психологиялық және педагогикалық өзекті мәселелері: жетістіктері мен даму болашағы» атты II халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға құрылтайшы ретінде қатысып, мақала жарияланды.

2015 жылы Орталық келісім шарттың негізінде ынтымақтастықты жалғастыру мақсатында Ярославль, Владивосток, Санкт-Петербург және Хабаровск қалаларында өтетін халықаралық конференцияларға құрылтайшы ретінде қатысуды жалғастырмақ ниетте.

III. Деструктивті діни ұйымдардың әрекеттерінен зардап шеккендерге, соның ішінде сотталғандарға психологиялық және әлеуметтік жәрдем көрсету, қайта оңалту.

Радикалды ағымға алданған азаматтарды дәстүрлі сенімге қайта оралту үшін психологиялық жәрдем көрсетіп, әлеуметтік бейімделуге мүмкіндік жасайтын жұмыстар жүргізілді. Аталмыш жұмыстардың бірнеше маңызды аспектілеріне тоқталып өтсек.

Діни экстремизм құрбандарын қайта оңалту бөлімінің қызметі бірнеше бағытта жүзеге асады:

- Орталықтың жәрдеміне жүгінген, деструктивті діни ұйымдардың әрекеттерінен зардап шеккендер;

– деструктивті діни ұйымдардың әрекеттерінен жағымсыз әсер алған, зардап шеккендердің отбасы, туысқандары және тәуелділер;  
– діни тәуекелшіл топтарға бейімделуге өте жақын оқушылар;  
– экстремистік және террористік қылмыстық әрекеттеріге байланысты сотталғандар. Мысалы:

1. «Көшбасшылармен» жұмыс. Орталық жұмыстың сапалы жаңа деңгейіне «Хизб-ут-тахрир-аль-исламның» мадхалиттік және такфириттік бағыттарының «көшбасшыларымен» жұмыс жүргізу арқылы көтерілді. Жамағаттың бір көшбасшысы Орталық қызметкерлерімен бірлесе жұмыс істеуге өтініш білдіріп, діни адасушылықты болдырмау үшін бірлесіп жұмыс істеуге өзінің әлеуметтік жобасын ұсынған.

2. Әйелдер жамағаты. Әйелдердің салафиттік жамағаты көшбасшыларымен жұмыс атқару жолға қойылды.

Орталыққа жүгінген әйелдердің жұмысқа орналасуына, құжаттарын қайта қалпына келтіруге, жәрдемақы алуына, балаларын мектепке және мектепке дейінгі мекемелерге орналастыруға жәрдем берілді. Шиеленістің алдын алу үшін еліміздің конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатын түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

3. Әлеуметтік бейімдеу. Орталық әлеуметтік қолдаумен және әлеуметтік бейімдеумен айналысады. Мақсаты Орталықтың жәрдеміне жүгінген, деструктивті діни ұйымдардың әрекеттерінен зардап шеккендерге нақтылы көмек көрсету. Мысалы, Орталыққа келген бір әйелге ұлттық мәнердегі бұйымдар тігетін өз ісін жүргізуге жәрдем берілді. Бірнеше азаматқа жұмыс ұсынылып, біреуі арнайы курста оқуға орналастырылды.

4. Сотталғандарды психологиялық қолдау. Облыстық түзеу мекемелерінде радикалды ағымға бейім сотталғандармен апта сайын жұмыс жүргізілді. Терапиялық емдерден кейін де психологиялық тұрғыдан қолдау жұмыстары жүргізіледі.

Сотталғандармен бастапқы жұмыс диагностикаға негізделді. Байланыстың алғашқы кезеңінде біраз қиындықтар туындады. Сотталғандар өздерінің радикалдық көзқарастарын, зайырлы, демократиялық құрылымға жағымсыз қатынастарын, ҚР Заңнамаларына шариғат қағидаларын қарсы қойып, өздерін «сенімі қорланғандар» ретінде көрсетуге әрекеттенді. Келесі кезеңде қарсылық көрсетушілер саны азайды. Көпшілігі жүргізіліп жатқан жұмыстарға төзімділік танытып, белсенділіктері артты, бейнефильмдері, әлемдік саяси оқиғаларды талқылап, өмірдің зайырлы қырларына қызығушылық пайда болды. Теологиялық және діни алауыздық туралы мәселелерді талқыға салды. Жұмыс 5 айға созылды. 3 кезеңде салауатты өмір салтына, өз халқының тарихы мен дәстүрлеріне, әлеуметтік мәселелерге деген қызығушылықтар пайда болды. Бұл кезең – айға толмайтын қысқа мерзім болғанымен, жұмыс барысындағы өте тиімді және психологиялық тұрғыдан өте күрделі кезең болып табылады.



Жұмыстың қорытынды, 4-ші кезеңінің ұзақтығы – айға толмайды. Осы кезеңде эмоциялық-сенімділік байланысы қалыптасты.

Аталған жұмыстың нәтижесінде өткен жылы Орталық қызметкерлері 168 адепттермен түрлі әдіс жұмыстарын жүргізіп, оның ішінде 107 адам өздерінің теріс ағым ықпалында жүргенін мойындап, дәстүрлі исламға өтті. Қалған азаматтармен жұмыс жалғасуда.

5. Қызметке қатысу. Тіркелген діни ұйымдармен байланысты нығайту үшін Орталық қызметкерлерінің қызметке қатысу графигі жасалды.

6. Бейнематериалдар. Интернет-ресурстары. Насихаттау, алдын алу шаралары мен ақпараттандыру мақсатымен 6 – бейнефильм, 3 – бейнеролик түсірілді. Барлық материалдар облыс тұрғындарының өмірінде орын алған шынайы оқиғалар негізінде түсірілді. Теолог маманның бейнедәрісі орналастырылған интернет сайты мен әлеуметтік желілер жұмыс атқаруда.

7. Сенім телефоны. 2014 жылдың ішінде Орталықтың сенім телефонына – 47 қоңырау қабылданды. Бұл тек деструктивті діни ұйымдардың қызметінен зардап шеккен азаматтармен нақты жұмысты іске асыратын қоңыраулар болып табылады. Деструктивті ұйымнан зардап шеккендерге анонимді түрде кеңес берілді.

8. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру. Орталық қызметкерлері үлкен нәтижелерге үздіксіз қол жеткізу үшін өз білімдері мен дағдыларын үнемі жетілдіреді. Мәселен, Орталықтағы теолог Ж. Бердымурадов Каир қ. Ислам университетінің магистратурасына түсті. Ислам тарихы, дін психологиясы және экстремизм психологиясы бойынша 3 қызметкер докторлық диссертацияны дайындауда.

## 9. ШЫҒЫС-ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Шығыс-Қазақстан облысының Дін істері басқармасының (бұдан әрі - Басқарма) қызметі жастар арасындағы діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын алуға, ұлттық құндылықтар мен дәстүрді баулуға бағытталған. Сонымен қатар, аталған қызметтер облыс тұрғындарының дін саласына қызығушылығын арттыратын іс-шаралардың сүйемелденуімен ерекшеленеді.

Өткен жылы Басқарманың тапсырысы бойынша Жамбыл атындағы драма театрында жастар арасындағы діни экстремизмді болдырмау мәселесіне арналған «Шырмауық» («Паутина») спектаклі қойылды. Өскемен театры дайындаған бұл спектакльдің театрда 2 қойылымы қойылып, 600-ден астам, 2 түзету мекемесінде спектакльді 800-ден астам адам көрді. Аталған қойылымдар халық көңілінен шығып, көпшілігі толқу үстінде кеткен болатын.

*Ақпараттық түсіндіру жұмыстарының жаңа бір формасы ретінде «Әлеуметтік карта» жобасы 2013 жылдан бері жүзеге асырылып келеді.* Оның мақсаты – теріс діни ағымдардың ықпалына түскендермен нақты жұмыс. 2014 жылы 185 карта жасалып, 10 адам кәсіптік оқу орындарына жазылды, 2 адам жұмысқа орналастырылды, 5 адамнан тұратын 1 семья үй алды, 122 адам жұмыспен қамту орталықтарынан кеңес алды, 3 адамға емделуге квота берілді, 11 адамға материалдық көмек көрсетілді. Қазір 250 радикалды діни ағымдарын ұстанушыға әлеуметтік карта толтырылды. Нәтижесінде, Өскемен қаласында 2 салафия ұстанушысы жұмысқа орналастырылып, дәстүрлі емес діни ағымдарының атрибуттарынан бас тартты (қысқартылған шалбар, сақал), 1 адам наркодиспансерде 15-күндік емделу курсынан өткізілді. Глубокое ауданында 2 адам қоғамдық жұмысқа орналастырылды. Әрине, бұл адамдарға көрсетілген әлеуметтік көмекпен шектелмей, психологиялық, құқықтық кеңестер беріледі. Жалпы, облыс бойынша теріс діни ағымдардан зардап шеккендерді оңалту мәселесіне үкіметтік емес ұйымдарды тарту мақсатында басқарма тарапынан жыл сайын мемлекеттік тапсырыс беріліп келеді.

Сонымен қатар, бүгінгі күні «Діни карта» деп аталатын жобаның электронды нұсқасы әзірленуде. Басқарма сайтына орналастырылатын картадан кез-келген облыс тұрғыны өңірдегі діни ұйымдар, олардың жетекшілері, орналасқан жері, ғимараттары туралы ақпарат алуға мүмкіндік туғызылады. Бұл діни ұйымдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететіндігі сөзсіз.

Өткен жылы Басқарманың Жастар саясаты мәселелері басқармасымен бірге интернет арқылы жұмыс істейтін жаңа заманғы смарт-технологиясына арналған «Мобильді қосымша» жасалды. Бұндай қосымша республиканың басқа аймақтарында кездеспейді. Мобильді

қосымша арқылы интернет тұтынушылары, соның ішінде жастар дін саласында қызығушылық тудырған кез келген сұраққа жауап ала алады.

Облыста жүзеге асырылған жаңашылдық іс-шаралардың қатары төмендегідей:

– студент жастарды ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған «Тең-теңімен» акциясы өткізілді. Акция барысында Өскемен ЖОО студенттері арасынан құрылған волонтерлық топ түсіндіру жұмыстарын жаңа форматтағы іс-шаралармен 2000 адамды қамтыды. Діни экстремистік идеялардың алдын-алумен қатар, акция мақсаты – діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын мемлекеттік органдарға және қоғамдық ұйымдарға болашақ кадрларды бағдарлау болып табылады;

– маусым айында орта мектеп түлектеріне арналған «Сақ бол, жас түлек!» («Будь осторожен, выпускник!») атты акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) және «Түлектер кеші» аралығында қалалар мен аудандар аумағындағы барлық мектеп бітірушілерді қамтып, радикалды діни ағымдардың, экстремистік идеялардың қауіпі, конфессияаралық қарым-қатынастың қазақстандық моделін, Қазақстан халқының дәстүрлерін насихаттауға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. Шаралар барысында қалалық, аудандық АНТ және округтік шағын топтар мүшелері арнайы фильмдер көрсетіп, дәріс оқып, семинар, дебаттар өткізіп, ұсынылған баспа материалдарын таратты;

– 2014 жылы дін мен ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыптарды және ұрпақтар сабақтастығын ашып көрсету арқылы тұрғындар арасында жоғары діни сананы қалыптастыру, ұлттық өнер және мәдениет туындылары арқылы дәстүрлі діни құндылықтарды насихаттау мақсатында «Рухани керуен» акциясы өтіп облыстың барлық аудандарында болды. Аталған іс-шараға облыстық дін істері, жастар саясаты мәселері, мәдениет, тілдерді дамыту басқармаларының өкілдері, «Нұр Отан» ХДП-ның, дәстүрлі діни бірлестіктердің өкілдері, мәдениет және қоғам қайраткерлері, өнер адамдарының қатысты. Мемлекеттің дін саласындағы саясатын түсіндірудің бұл формасы халықтың ақпаратты жеңіл әрі аса ықыласпен қабылдауына ықпал етті. Сонымен қатар тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтардың саны мен мазмұны, саналуандығы қоғамда дін мәселесіне күннен-күнге қызығушылық пен сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді.

Басқарманың ақпараттық-насихат жұмыстарын ұйымдастыру барысында қалалар мен аудандардың тұрғындарына діни білімді Алматы қаласында орналасқан «Нұр Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университетінде мемлекеттік грант бойынша алу мүмкіндігі туралы ақпараттар облыс жұртшылығына кеңінен жарияланғанның нәтижесінде 11 шәкірт «Нұр Мүбәрак» университетіне, 7 шәкірт «Нұр Астана» медресесіне, 4 бала – Павлодар қаласындағы «Әбубәкір сыддық» медресесіне, Алматы қаласындағы «Әбу Ханифа» медресесіне 1 бала,

«Үш қоңыр» медресесіне 1 бала. Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Сарағаш» медресесіне 2 бала оқуға түсті. 2 бала «Нұр Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университетінің дайындық курсына оқуда. Жалпы, қазақстандық исламдық діни оқу орындарында 62 облыс тумасы оқиды.

Бұл бағытта тағы бір инновация – теріс діни ағымдарды ұстанушылардың отбасыларының «әлеуметтік портреттері» (жалпы 248 адам) жасалып, қажетті әлеуметтік көмек көрсету туралы қалалар мен аудандар бөлімдеріне тапсырмалар берілді. Мысалы, емделу квоталары, балаларын балабақшаға орналастыру, тұрғылықты жерге тіркелу, материалдық көмек көрсету, жұмыспен қамту, тұрғын үй мәселесін шешу – барлығы тек қана мемлекеттің заңнамасының шеңберінде. Олардың қатарынан 11 отбасына Орталық «Единство» қоғамдық бірлестігімен бірлесіп әлеуметтік қолдау көрсетілді. Бұл жобаның мақсаты – оларға және отбасы мүшелеріне діни көзқарастарына қарамастан, мемлекет өз азаматтарынан ешқашан бас тартпайтындығын және қоғамдағы әлеуметтік үрдістерден шет қалдырмайтындығын сезіндіру және бетін бері бұру болып табылады.

Бүгінгі күні түзету мекемелеріндегі жазасын өтеушілер арасында отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға бағытталған тарих, мәдениет, салт-дәстүр, этника зайырлы дәрістер циклы бекітілген кесте бойынша жүргізілуде. Оған ғалымдар, мұражай қызметкерлері, өлкетанушылар, мектеп мұғалімдері, қоғамдық бірлестіктер өкілдері тартылды. Арнайы 3 топ құрылып, құрамына 9 адам енгізіліп, нұсқаулықтан өтті.

«Рухани келісім айлығы» туралы.

2014 жылғы қыркүйек-қазан айларында «Рухани келісім айлығы» жарияланып, Рухани Келісім күнін мерекелеу аясында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралардың мақсаты – конфессияаралық келісімді және діни толеранттылықты нығайту, аумақтағы Рухани келісімді насихаттау.

Айлық аясында бірлестіктер өкілдерінің «Рухани келісім» аллеясын тазарту, абаттандыру және кеңейту сенбілігі ұйымдастырылды.

Келесі іс-шара сол күні қалалық денешынықтыру-сауықтыру кешенінде дін істері басқармасының және облыс әкімінің аппаратының қызметкерлері бір топта – 7 адам, сонымен қатар үш топтан құралған діни бірлестіктер өкілдері – 18 адам арасында мини-футболдан жолдастық кездесу өтті. Аталған спорттық іс-шарадағы ерекшелік дін істері басқармасының естелік сыйлықтары және жеңімпаздарға салтанатты түрде алғыс хаттар табыс ету болды.

2014 жылы Рухани келісім күні қарсаңында облыс дінтанушыларының I Форумы ұйымдастырылды.

Тұрғындардың діни сауаттылығы экстремистік идеяларға және деструктивті діни ұйымдар қатарына кіруге қарсы иммунитет рөлін атқарады. Сондықтан қоғам діни сауаттылықты арттыру мәселесіне аса назар аударып отыр.

Іс-шара қорытындысы ретінде облыс дінтанушылары үндеу қабылдады. Үндеуде дінтанушылар діни тұрақсыздықтың алдын алу үшін діни ахуалды жан-жақты зерттеу, діни экстремизмге қарсы зияткерлік иммунитетті күшейту, дәстүрлі рухани құндылықтарды барынша насихаттаудың жаңашыл, креативті әдістерін іске асыруда дінтанушылардың пайымдары, білімі мен біліктілігі айырықша екенін ескере отырып, бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру сияқты бастамалар көрініс тапты.

Сонымен қатар, облыс мектептерінің «Дінтану негіздері» пәнінің оқытушыларына арналған «Оқушылардың діни сауаттылығын арттыру және «Дінтану негіздерін» оқыту ерекшеліктері» семинарлар өткізілді.

Семинар «Дінтану негіздерін» оқыту ерекшеліктеріне ғана емес оқушылардың деструктивті ағымдарға бейімділігін айқындау тәжірибесіне арналды.

Жастар арасындағы ақпараттық жұмыс.

Егер облыс тұрғындарының саны 1 393 619 адам болса, оның 349.117-сі 14-29 жас аралығындағы жастар. Жастар арасындағы діни экстремизмнің алдын-алуға, отансүйгіштік сезімдерін нығайтуға, рухани құндылықтар басымдықтарын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

2014 жылдың ақпан айында «Жастар – экстремизмге қарсы!» жастарға арналған акциясы, мамыр-маусым айларында «Сақ бол, жас түлек!» - «Будь осторожен, выпускник!» 9-11 сынып оқушыларына арналған акциялары өткізілді.

Мысалы, сәуір айында Өскемен қаласында басталған «Тең – теңімен» («Равный - равному») акциясы студенттік жастарға бағытталса, тамыз айында ол Күршім ауданының жұмысшы, жұмыссыз, оқушы жастары, Семей қаласының студент жастары арасында жалғасын тапты. Бұл іс-шараның ерекшелігі – жастар арасынан құрылған ерікті (волонтерлар) топтар өздерінің құрдастарына арнап пікір-сайыс (дебаттар), «Жастар – экстремизмге қарсы!» атты флэшмобтар, қызықты викториналар ұйымдастырды. Бұл іс-шаралар барысында патриоттық сезім, қазақстандықтардың ауызбіршілігі, өшпес рух, талапты жастардың көпшілік алдында сөйлеу шеберлігі қалыптасады.

Әрине, ерікті топтар мүшелерімен алдын-ала үлкен дайындық жұмыстары жасалды.

Флэшмобтар барысында жастар арасынан аниматорлар «Біз – Қазақстан жастарымыз!», «Біз – экстремизмге қарсымыз!!!», «Қазақстан болашағы – жастар қолында!!!» лозунгтерімен жастардың рухын көтерді. Кездесулерде жастар тарапынан түскен сұрақтардың негізгі бөлігі хиджаб кию, діннің отбасыға, аралас некеге, махаббатқа, қыздардың боянуына, суицидке көзқарасына қатысты болды. Іс-шара барысында жалпы 3000 адам қамтылды.

«Тең-теңімен» акциясының ерекшелігі – жастар өз замандастары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жалпы, облыстық, аудандық, қалалық ақпараттық-насихат топтары тарапынан жастар арасындағы түсіндіру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінуде. БАҚ өкілдерін дін мәселелерін сапалы жариялауға ынталандыру мақсатында 2014 жылы «Мемлекеттің діни саясаты және БАҚ» облыс әкімінің сыйлығына конкурс өткізілді. Ағымдағы жылы аталған конкурсты екінші рет өткізу жоспарланып отыр. Конкурс қорытындысы Рухани келісім күні қарсаңында белгілі болады.

«Діни бірлестіктер жетекшілерінің клубы» облыстағы 12 конфессия өкілдерінің бір үстел басына жинауға мүмкіндік туғызған маңызды инструменттердің бірі болып табылады. Егер оның алғашқы отырыстарына 7-8 адам қатысқан болса, бүгінгі күні 40-50-ден астам адамдар қатысуда. Клуб отырысы міндетті түрде жылына екі рет өткізіледі және қажеттілігіне орай жиналыстар өткізлу мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар, спорттық кездесулер, сенбіліктерге қатысу және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруда отырыстардың рөлі ерекше. Өткен жылы осындай бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, екі рет спартакиада, екі рет сенбілік ұйымдастырылды, сондай-ақ облыс орталығындағы Этноауылда «Рухани келісім аллеясы» атты саябағы ашылды.